

## САНАНЫҢ АШЫҚТЫҒЫ

## МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЛАҢЫ

**Кезекті ректорат мәжілісі студенттердің жоғары білім оқу жетістіктерін сырттай бағалау нәтижелерін саралаудан басталды.**

Мінбеге алғаш болып шыққан білім беру бағдарламалары сапасын бақылау қызметінің жетекшісі Айгүл Байнәсерова биылғы ОЖСБ-2017 нәтижелерін баяндады. Оның айтуынша, «ОЖСБ-ның нәтижелерін өңдеу ұлттық тестілеу орталығының филиалдарында жүргізіліп, тест барлық мамандықтар бойынша үлгілік оқу жоспарында қарастырылған пәндер негізінде кешенді тестілеу түрінде өтті.

Жалғасы 2-бетте

## ДӘСТҮРЛІ БАЙҚАУ

**Ө.А.Жолдасбеков атындағы студенттер сарайында қалалық деңгейдегі «Қыз сыны және Жігіт сұлтаны – 2017» байқауы өз мәресіне жетті. Дәстүрлі шараның жоғары деңгейде өтуіне Алматы қаласы жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасы, «Керемет» жастар ресурстық орталығы және бас ұйымдастырушы Қазақ ұлттық университетінің Студенттер сенаты ұйымы атсалысты.**

Аталмыш байқаудың алғашқы іріктеу кезеңіне қаламыздың 28 университетінен 1142 өтініш келген болса, екінші кезең – жартылай финалға 16 университеттен 51 қатысушы жолдама алды. Шешуші кезеңде 9 жоғарғы оқу орнынан 20 үміткер бақ сынады.

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы технологиялық университеті, Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті, Д.А.Қонаев атындағы Евразиялық заң академиясы, Халықаралық бизнес университеті, Шет тілдер және іскерлік карьера университеті, П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен іріктелген қатысушылардың ақтық сайысы төрт кезеңнен тұрды: 1-сайыс – таныстыру, 2-сайыс – сұрақ-жауап кезеңі, 3-сайыс – өнер сайысы, 4-сайыс – сән үлгісін көрсету. Сайыс барысында арулар мен жігіттер барын салып, шын мәнісінде нағыз ару және сұлтан болуға лайық екенін көрсетті.

Таныстыру бөлімінде қатысушылар өздерін қалың жұртшылыққа таныстырып, баптап бәйгеге қосқан университетін айтса, сұрақ-жауап бөлімінде сан түрлі сұрақтарға ұтымды жауап қайтарып, өз таным-білімдерінің ауқымын көрсеткен болатын. Көрермен жүрегіне жол тартқан өнер сайысы болды. Әр қатысушы бойындағы өнерін халыққа көрсетіп, дәлелдей білді. Бірі әуелете ән шырқаса, енді біреулері актерлік қабілеттерін көрсетті. Талантты жастар домбыра құлағында да шебер ойнап, мың бұрала би биледі. Сән үлгісін көрсету бөлімінде демеушілік көрсеткен сән үйі киімдерін көрсетіп, отандық сәнді киімдер үлгісін көрсеткен болатын. Сондай-ақ қатысушыларды қолдап, отандық әншілер де келді. Атап айтсақ, AYREE, «AlemBand» тобы және Ғазизхан Шекербеков өнерін көрсетіп, халыққа көтеріңкі көңіл-күй тарту етті.

Жалғасы 8-бетте



### ҚазҰУ-да «Сананың ашықтығы» атты Қазақстан халқы Ассамблеясының III халықаралық медиа форумы өтті.

Ауқымды шара қазіргі қоғамдағы рухани сананы жаңғыртудағы бұқаралық ақпарат құралдарының рөлі, кәсіби этика және көпэтносты қоғамда масс-медиа мәдениетін дамыту сынды өзекті тақырыптарды талқылауға арналды.

Форумға ҚР Ақпарат және коммуникациялар вице-министрі Алан Әжібаев, Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары – ҚР Президенті әкімшілігі ҚХА хатшылығының меңгерушісі Дархан Мынбай, Қазақстандық медиа альянс республикалық ҚБ жетекшісі және өзге де мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғалары, Германия, Ресей, Өзбекстан елдерінен келген сарапшылар, медиа саласындағы отандық сарапшылар, ҚХА мүшелері, этномәдени бірлестіктер, республикалық және аймақтық БАҚ өкілдері қатысты.

Шараны ашқан ҚХА төрағасының орынбасары Дархан Мынбай: «Бүгінгі шара – болашақ журналистерді дұрыс бағытқа апаратын, ұлтаралық, этносаралық мәселелердің шешілуіне қажет алаң. Сондықтан да білікті мамандар даярлауда сөз құдіретін түсіну арқылы сананы дұрыс қалыптастыру осындай алаңдарда кеңінен әңгіме болады», – деп пікір білдірді.

Өз сөзінде ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов тұрақты даму мен өркениетті сақтаудағы жаһандық мәселелер жағдайында сана ашықтығының өзектілігі артқанын тілге тиек етті. «Қоғамдық жаңғырудағы агент әрі әлемнің бейбіт және тұрақты даму идеологиясын тарату орталығы ретінде ҚазҰУ «Al-Farabi university smart city» моделін даярлап, енгізуде. Онда технологиялық және рухани-адамгершілік тұғырнамалардың үндестігі негізге алынған. Бұл қызметте Елбасы айтқан ұлт санасын жаңғыртуға арналған мемлекеттік бағдарлама нақты бағыт

болып табылады», – деді ректор. Ғ.Мұтанұлының айтуынша, БҰҰ Өркениеттер альянсімен бірге университет бастамасымен қолға алынған халықаралық «Ізгілікті қоғам азаматтарын қалыптастыру» жобасы да осы мақсатты көздейді. Жоба жас ұрпаққа бейбітшілік, мейірім және адалдық идеяларын жеткізуге бағытталған. Оның негізінде Шығыстың ұлы ойшылы әл-Фарабидің қайырымды қала жөніндегі идеялары жатыр. Сондай-ақ университет басшысы білікті әрі адамгершілік құндылықтарға бай мамандарды тәрбиелеу арқылы әлемнің қауіпсіз және ізгілікті боларына зор сенім білдірді.

Форумның алғашқы күнінде танымал тележурналистер шеберлік сабақ өткізіп, өз тәжірибелерімен бөлісті.

Белгілі тележүргізуші Қымбат Хангелдина: «Журналистер жаңа технологияны, өзге тілді, түрлі мәдениетті өзгеден жақсы білу керек. Сонда ғана жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады», – дейді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздегі ұлттар достығы мен татулығын ту еткен ұйым. Сондықтан да форумға қатысқан белгілі сарапшылар бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері осы тақырып жайлы жазғанда мұқият болу керектігін алға тартты.

Форум шеңберінде отандық және шетелдік жетекші спикерлердің шеберлік сабақтары интерактивті талқылау түрінде өтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясының журналистика саласында жыл сайын өткізетін «Шанырақ» байқауының жеңімпаздары арнайы марапатталды.

Баспасөз қызметі

### БҮГІНГІ САНДА:

ӘЛЕМ КӨШБАСШЫ КӨЗІМЕН



2-бет

СӘТТІ КЕЗДЕСУ



3-бет

ДОРОГА К МЕЧТЕ...



7-стр.

## ӘЛЕМ КӨШБАСШЫ КӨЗІМЕН



қоғам» Елбасы кітапханасы жобасы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күні және Тәуелсіздік күні мемлекеттік мерекелеріне орай жүзеге асырылды.

Еліміздің астанасын ауыстырған сәттен бері 20 жылдың ішінде алғаш рет Мемлекет басшысының Жеке архиві, Жеке кітапханасы және Музейі қорының зерттеу нәтижелері мен материалдары Алматы қаласының қалың жұртшылығы назарына ұсынылып отыр.

Көрменің негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасының тәуелсіз Қазақстанның тағдырындағы рөлін мұрағат құжаттары мен жәдігерлер арқылы жүйелі түрде кеңінен көрсету.

Көрермендер назарына Елбасы кітапханасының мұрағат, кітап, музей қорларының материалдары ұсынылатын болады. Олардың қатарында Н.Ә. Назарбаевтың жоғары мемлекеттік наградалары, Қасиетті Құрандардың бірегей жинақтары, мемлекет және үкімет басшыларының қолтаңбасы бар сый кітаптар, сондай-ақ Н. Ә. Назарбаевтың шет тілдеріне аударылған еңбектері бар. «Н. Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көрмесі 2018 жылдың 14 қантарына дейін барлық күндері жұмыс істейді. Шара соңында қонақтарға «Назарбаев моделі» кітабы табыс етілді.

ӨЗ ТІЛШІМІЗДЕН

## ТРОИЦК САПАРЫ: «АЙҚАПТЫҢ» АТА ЖҰРТЫНДА

Бүгінгі таңда білім, данышпан Абай бұдан бір ғасырдан астам бұрын айтып кеткеніндей, «дүниенің кілті» болып отыр. Сан ғасыр бойы көбіне қара күшке сеніп келген керенаулау саланың бірі – экономиканың өзі ғылымның өндіргіш қабілетіне баса ден қойып, қаражаттың көбін оқу орындарындағы зерделеу-зерттеу жұмыстарына бөле бастады. Қазіргі таңда әлемнің алдыңғы қатарлы елдерінің барлығы осы саясатты ұстанып отыр. Бұл бағыт қоңсы қонған қос ел – Ресей мен Қазақстан үшін де бөтен емес. Жуырда ғана сол Ресейдің оңтүстік Орал өңірінің бас қаласы – Челябинде аяқталған қос елдің аймақаралық ынтымақтастығы XIV форумының негізгі тақырыбы адам капиталының дамуы болды. Осы орайда айтулы мәжіліс күн тәртібінің түйінді тармақтарының бірі білім және ғылым саласымен, яғни Елбасымыздың басқы сөзге алынған мақаласында айтылатын «құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деген түйінді пікірмен түйісіп жатқанын айтуға тиіспіз.

### БОЛАШАҚҚА БАҒЫТ АЛҒАН АЛҚАЛЫ БАСҚОСУ

Саликалы жиында Қазақстан мен Ресей жағынан маңдайалды жоғары оқу орындары білім ғасырындағы іс-қимыл жобасын жасап, болашаққа қатысты бағдарларын айқындады. Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының мемлекет басшылары, білім министрлері қатысқан екі ел жоғары оқу орындары ректорларының ордалы отырысында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанұлы Мұтанов және Ресейдің бірінші Президенті Б.Н. Ельцин атындағы Орал федералдық университетінің ректоры Виктор Анатольевич Кокшаров «Жасыл көпір ұрпақтан-ұрпаққа» халықаралық ғылыми-білім беру консорциумын құру туралы декларацияға қол қойды. Аталған университеттер тілге тиек етіліп отырған консорциумды басқаратын болады.

Консорциум қызметі сапалы адами капиталды қалыптастыру мақсатына орай Қазақстан мен Ресей жоғары оқу орындарының қоғамы әлеуетін біріктіруге бағытталмақ. Жоғары адамгершілік-этикалық және азаматтық құндылықтарды ұстанатын жаңа ұрпақ – жоғары білікті мамандар тұрақты дамудың негізгі факторы ретінде қазіргі заманғы дамудың бағыт-бағдарын анықтауға қабілетті. Қолжетімді технологияларды, жасыл экономика мен ғарышкер-ғалымдар еңбектерін қамтитын оқу бағдарламалары мен ғылыми зерттеулер Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы жетекші университеттерінің өз түлектеріне тұрақты дамудың тұшымды тұжырымдамасын ұсынуға мүмкіндік береді.

Жалғасы 6-бетте

РЕКТОРАТ Жалғасы. Басы 1-бетте

## МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР АЛАҢЫ



арттыру және патриоттық, отаншылдық сезімін биікке көтеру болып табылады. Бағдарлама аясында 4 негізгі «Еліміздің инновациялық дамуына менің қосқан нақты үлесім» атты студенттік әлеуметтік маңызы бар инновациялық жобалар; «Мен өз елімнің гүлденуі үшін не істей аламын?» атты студенттік эссе; «Мен жастарға сенемін!» атты студенттік азаматтық-патриоттық бағыттағы поэзиялық шығармалар және «Мәңгілік ел мұратым!» патриоттық әндер байқауы өтеді. Әр байқау бойынша барлық аймақтардан студенттердің жұмыстарын қабылдау аяқталды. Қазылар алқасы құрылды. Енді 28 қараша күні барлық байқау жеңімпаздары анықталатын болады», –

деді директор.

Сондай-ақ жиын аясында оқу ақысы бойынша қарыздары бар факультеттер тізімі мен өзге де тақырыптар талқыға түсіп, жиын соңында екі дүркін әлем чемпионы атанған Италиядағы джиу-джитсудан өткен әлем чемпионатының қорытындысы бойынша заң факультетінің 3-курс студенті Айкымбеков Асыл-Арман және Мәскеуде өткен пауэрлифтингтен әлем чемпионатының қорытындысы бойынша Садвакасов Тамир де әлем чемпионы атағына ие болғандары үшін арнайы марапатқа ие болды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

ҚазҰУ ректоры Қытай әлеуметтік ғылымдар академиясының вице-президенті Цай Фан бастаған делегация құрамымен кездесті

## СӘТТІ КЕЗДЕСУ

Философия және саясаттану факультетінде университетіміздің халықаралық танымалдығы және QS рейтингі мәселесі бойынша факультет басшылары және оқытушы профессорлар құрамымен келелі кездесу өтті.



Кездесуге бірінші проректор М.М. Бүркітбаев, әлеуметтік даму жөніндегі проректор Ш.Е. Жаманбалаева, өндірістік және мәдени-тұрмыстық мәселелер жөніндегі департамент директоры Г.З. Қанаев, ғылыми және инновациялық қызмет жөніндегі департамент директоры С.К. Мұхамбетжанов, рейтинг жөніндегі сектор жетекшісі – стратегиялық даму орталығы директорының орынбасары Е.Түргенбаев келіп, өз ойларын ортаға салды.

Алдымен факультет деканы Ә.Р. Масалимова факультеттің жалпы жағдайымен таныстырып өтті. Барлық кафедра менгерушілері өздерінің болашақтағы жоспарлары бойынша презентация жасады. Оқытушы-профессорлар құрамы сұрақтар қойып, тұшымды жауап алды. Сонымен қатар кездесу соңында басшыларға факультеттің басым және кемшін тұстары бойынша талдау жасалып, ғимаратқа қатысты, техникалық-құрал жабдықтармен қамтамасыз

етуге байланысты презентация ұсынылды. Өндірістік және мәдени-тұрмыстық мәселелер жөніндегі департамент директоры Г.З. Қанаевтың ғимараттың 2018 жылы түпкілікті жөндеуден өтетіні туралы хабары баршаны қуантты.

Жапон ғалымы К. Мацусити басшылық іс-әрекеті туралы: «Егер сенің қарамағыңда 100 адам жұмыс істесе, онда сен олардың арасында болуың керек, егер қарамағыңда 1000 адам болса, онда сен олардың нақ ортасынан орын ал, егер 10000 адамды басқарсаң, барлығы саған толық көрінетіндей жерден бақыла», – деп айтып өткендей, басшылар халықпен бірге мәселелерді жан-жақты талқылап, басқарушылыққа үлгі болды. Дұрыс әрі сәтті кездесуден көпшілік ойындағын басшылармен бөлісіп, мәре-сәре болып тарқасты.

**Нүрсұлу АЛҒОЖАЕВА,**  
философия және саясаттану факультеті  
деканының орынбасары

Уже второй раз кафедра ЮНЕСКО, международной журналистики и медиа в обществе проводит благотворительную акцию «Поможем детям вместе» совместно с Информационным бюро ООН, Департаментом общественной информации ООН в рамках учебно-консалтинговой деятельности.

## УЧЕБНО-КОНСАЛТИНГОВЫЙ PR

Студенты 1 и 4 курсов специальности «Связь с общественностью» подготовили проект проведения общественно-значимого информационного мероприятия с целью привлечения внимания к острым социальным проблемам. И если в первый раз студенты поставили перед обществом проблему детей с особыми потребностями, то на сегодня актуальным стал вопрос помощи недоношенным деткам.

17 ноября отмечался Международный день недоношенных детей. В мире и в Казахстане с каждым годом увеличивается число детей, рожденных раньше срока. Помимо многих экологических, медицинских причин специалисты считают, что фактором преждевременных родов становится юный возраст мам и незнание элементарных правил поведения при беременности. Информированность молодежи и студентов о данной проблеме способна предотвратить преждевременные роды.

Студенты спланировали и организовали проведение пресс-конференции «Поможем детям вместе» врачей городского центра

перинатологии и детской кардиохирургии, специалистов управления здравоохранения Алматы совместно с ДОО ООН и кафедрой ЮНЕСКО, международной журналистики и медиа в обществе КазНУ им. аль-Фараби (который является Глобальным Хабом Инициативы Организации Объединенных Наций «Взаимодействие с академическими кругами – ЮНАИ»).

Властимил Самек, директор ДОО ООН, отметил на пресс-конференции необходимость информирования прежде всего молодежи как средства предотвращения многих проблем, в том числе и со здоровьем.

Раздача информационных листовок и буклетов, подготовленных самими студентами, сиреневых ленточек как символа этого Дня, запуск белых шаров завершили благотворительное мероприятие.

**М.Х. АРГЫНБАЕВА,**  
к.ф.н., доцент кафедры ЮНЕСКО,  
международной журналистики и  
медиа в обществе



## Патриотизм сабағы

**Патриотизм – кез келген мемлекеттің алтын діңгегі. Бауыржан Момышұлының «Ерлік – елдің қасиеті, жүректілік – жігіттің қасиеті!» деген қанатты сөзін басшылыққа алған әскери кафедрамыз студенттерге сапалы білім, саналы тәрбие беріп, адал еңбек пен отансүйгіштікке баулуға ерекше көңіл бөлуде. Осы орайда жуырда әскери кафедраның Арнайы әскер циклінің ұйымдастыруымен география және білімді пайдалану факультетінің метеорология мамандығының 1-курс студенттеріне арналған танымдық кездесу өтті.**

Кафедраның акт залында өткен кездесуде Арнайы әскер циклінің басшысы, запастағы полковник Жармұханбетов Қайрат Мұратбекұлы сөз алып, студенттерге әскери кафедра тарихы мен өмірі жайлы мағлұмат берді. Кафедраның жеткен жетістіктері мен болашақтағы жоспары жайлы кеңінен әңгімеледі.

Сондай-ақ «СВ71-121» взводның студенттері кездесуге келген жастарды толғандырған сұрақтарға жауап берді. Шара соңында олар Кенес Одағының батыры Б.Момышұлы және ҚР Қорғаныс министрлігінің алғашқы министрі С.Нұрмағамбетов атындағы арнайы дәрісханалармен, ТИР, мұражаймен танысты. Арнайы қондырғылармен жабдықталған метеорология сыныбын аралау барысында құрал-жабдықтарды өз қолдарымен ұстап, ерекше әсерде қалды.

Әскери кафедраның бір күндік өмірімен танысқан студенттер Отан қорғаудың жауапкершілігін ұғына түскендіктерін жеткізді.

**Гүлнұр МУСРАЛИНОВА,**  
әскери кафедра оқытушысы

**Жуырда университет музейінің қызметкерлері Алматы қаласының мәдени ошағының бірегейі – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік орталық музейінде өткен республикалық семинар жұмысына қатысты.**

«Ғылыми-білім беру қызметіндегі инновациялық жұмыс түрлері» деп аталған семинарды ел тарихының құндылықтарын зерделеу негізінде мәдениет пен білім беру мекемелерінде жастарды ұлтжандылыққа, азаматтыққа тәрбиелеу және ұлттық сананы қалыптастыру мақсатында ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы ұйымдастырды.

Негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы негізінде Елбасы кітапханасының ғылыми-білім беру қызметіндегі инновациялық жұмыс түрлерімен таныстыру және тәжірибе алмасу.

Семинар жұмысы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасымен бірлескен «Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі көрмесінің ашылу салтанатымен басталды.

Республикамыздың білім беру мекемелері, мұражайлары мен кітапханалары арасындағы байланысты күшейтуге бағытталып, тарихшылар, ғалымдар, зерттеушілермен қатар, ұстаздар, кітапхана мен мұражай қызметкерлерінің басын қосқан шарада Елбасы кітапханасы директорының орынбасары, тарих ғылымдарының кандидаты Ботагөз Қайыпова қатысушыларға арнап сөз сөйледі. Аукымды шарада ҚазҰУ музейі аясында жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарға тәрбиелеу мақсатында атқарылып жатқан жұмыстармен музейдің бас маманы ретінде мен «Университет

## ТИІМДІ ТӘЖІРИБЕ



мұражайындағы рухани тәрбие» тақырыбында презентациялық баяндама жасадым. Сонымен қатар, «Қазақстан тарихы» республикалық ғылыми-әдістемелік және педагогикалық журналының бас редакторы Т.О. Әзімханова, Мемлекеттік орталық музейдің Мәдени-білім жұмысы орталығының басшысы А.В.Кушенко, ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасы Ғылыми – қолданбалы зерттеулер қызметінің жетекші ғылыми қызметкерлері – Л.Ә.Омарова, Ә.Ә.Оспанова және т.б музей қызметкерлері мен тарихшы мамандардың танымды қызықты баяндамалары тыңдалды.

Семинар жұмысына қатысушылар болашақта отандық кітапхана, мұражай ісі, білім беру қызметінің теориясы мен практикасын одан әрі дамыту, тәжірибе алмасуға арналған іс-шараларды жиі, мазмұнды өткізу, өзара қарым-қатынасты нығайтып, жастарға рухани тәрбие беруге арналған ғылыми-әдістемелік

құралдардың басылып шығуына ат салысу үшін шешім қабылдады.

Барлық қатысушыларға, атап айтқанда ҚазҰУ тарихы музейінің қызметкерлері – А.Ж.Жабықпаева, Б.А.Әміржанова, Ә.Ә.Дәлібаева және Биология музейінің қызметкерлері – К.С.Мұсабеков пен А.Жардамалиеваларға ҚР Президенті Кенесінің бастығы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы кітапханасының ММ директорының міндетін атқарушы М.Қасымбеков мырзаның атынан арнайы сертификаттар табысталды.

Ұлтымыздың рухы мықты, азаматтары қайырымды, жастары өнегелі болса деген ниетпен өткен шара тағылымға толы болды.

**Ардақ ЖАБЫҚПАЕВА,**  
ҚазҰУ музейінің бас маманы

## SUMMER SCHOOL IN KHIVA

Our trip to Uzbekistan was short but very exciting. It lasted only 10 days. We participated in the work of Summer School held in Khiva, 20-28 September 2017.

The study program included problems and prospects of modern condensed matter physics with special focus on quantum transport, topological effects and energy conversion in low-dimensional systems. Fifty participants, professors, Master and PhD students, young postdocs, research associates and senior scientists from all around the world, have attended the Summer School, organized by professor of Heinrich Heine University Dusseldorf Reinhold Egger and professor of Turin Polytechnic University in Tashkent Davron Matrasulov.



The guest speakers to this Summer School were from USA, South Korea, Germany, Azerbaijan, Japan and Italy. Among speakers were short presentations given by PhD students. In their presentations the speakers mainly focused on low-dimensional materials and their applications in energy conservation. The topics covered by the Summer School were:

- Graphene, CNT and fullerene;
- Majorana fermions;
- Topological insulators;
- Quantum transport in strongly correlated systems;
- Quantum information with low-dimensional materials;
- Energy conversion in low-dimensional functional materials;
- Quantum networks and their applications;
- Nonlinear waves and soliton transport in low-dimensional systems.

Summer School doesn't have to be all work and no play. Since the venue of the Summer school was Khiva, which is a historical town with mosques, mausoleums, minarets, medresses we greatly enjoyed sightseeing. The work of Summer School was wonderfully organized, the program was very interesting, the sessions were useful and helpful. The experience we have got during the Summer School will give us a start to new research projects in the field of Condensed Matter Physics.

Summer School 2017 in Khiva was a great experience for all the participants. During sessions we had animated discussions, exchanged ideas and thoughts with different people from all over the world. Not only we did learn a lot but also it was an unforgettable time full of joy and fantastic moments!

Zhanat ZHUNUSSOVA,  
Aidana ILYASSOVA,  
Faculty of Mechanics and Mathematics

## SOME ASPECTS OF AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY UNAI'S HUB ACTIVITIES

Al-Farabi Kazakh National University is UNAI's hub for sustainability. It has been engaged in a number of activities on promotion of UN principles since 2012.

The United Nations Assistance Center based at International relations Department of al-Farabi KazNU serves as an essential tool in the implementation of the principles and objectives of the Academic Impact program.

The UN Assistance Center was established in 2012 at International Relations Department of al-Farabi Kazakh National University in honor of the 20th anniversary of joining Kazakhstan to the United Nations in accordance with the Memorandum signed between the United Nations and the Republic of Kazakhstan on the Academic Impact Program. The initiative to create the center belongs to Ambassador at Large, first Minister of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan after independence and The First Permanent Representative of Kazakhstan to the United Nations

UN Centre is engaged in the popularization of the goals and objectives of the United Nations. The Centre aims to promote the dissemination of information from the UN agencies in Kazakhstan. Center conducts, on a continuous basis, international conferences, seminars, round tables and Model United Nations international Youth Forum. Along with encouraging and promoting the opening of the UN Centre at al-Farabi Kazakh National University, Akmaral Arystanbekova gives lectures to undergraduate, MA and doctoral students on UN activity and current issues of international relations and world politics.

The UN Information Center serves as the focal point for UN news and information to advance understanding of the UN and its work, and to serve as a resource for students, public, NGOs, civil-society organizations and the Central Asian people.

The United Nations Assistance Center is staffed by a dynamic group of committed professionals, represented mostly by students and young scholars.

UN Centre of al-Farabi KazNU organizes various events including presentations involving national or local dignitaries, workshops, seminars, international conferences, round tables and open lectures.

Open lecturers organized by the Center cover relevant and urgent issues of the modern international relations and supported by the UN agencies. Here, it is appropriate to note the two open lectures for students and young scholars on global and regional mobility and statelessness.

On November 8, 2017 the UN Assistance Center of IRD, Al-Farabi Kazakh National University and IOM/UN Migration Agency, Sub-regional coordination office for Central Asia organized the open lecture and demonstration of the documentary film: «Migrants: An Invisible force in Central Asia».

The lecture began with greeting speech given by the Dean of International Relations Department,



Professor Sagyngali Aydarbayev who noted the relevance and importance of the current migration process and related issues including various trends.

The open lecture was given by the IOM and key speakers were Tatiana Hadjiemmanuel, Head of IOM Almaty Office, Deputy Coordinator for Central Asia, Damira Umetbaeva, National Program Officer and Elyor Nematov, Program Officer and Photographer.

IOM Sub-regional coordination office for Central Asia activities covers Labor Migration, Irregular Migration, Migrants Rights and Trafficking in Persons and some other fields connected with the issues of mobility in Central Asia.

The documentary film was a showcase more than forty photographs with their accompanying texts, submitted by Central Asian Artists/Photographers and University Students, as well as stories shared by two Central Asian writers who participated in the project.

Young Scholars, PhD, MA and BA students from Department of International Relations, International Law, World Economy, Department of Geography and Political Science of al-Farabi Kazakh National University attended the lecture. The audience was also represented by students from Afghanistan, China, Kazakhstan, Kyrgyzstan and Tajikistan who are currently BA and MA students of al-Farabi Kazakh National University, International Relations Department. The lecture covered many important

migration issues, modern migration situation and current trends in the Central Asian region. It has initiated interesting questions and involved audience into heated discussion.

One more interesting open lecture "Prevention and Reduction of Statelessness in Central Asia" was organized on 14 of November by the UNHCR Regional Representation for Central Asia and the UN Regional Resource Assistance Center, International Relations Department of al-Farabi Kazakh National University (International Law Chair and International Relations and World Economy Chair).

Statelessness has become a global problem that encompasses all regions and the solution of this problem requires the combined efforts of the entire world community including states, international governmental and non-governmental organizations, civil society and academia.

UNHCR is actively working on prevention and reduction of statelessness throughout the world in the framework of the "Global Action Plan to End Statelessness: 2014 – 2024" and covers the Central Asian region that has a great potential to solve the problem of statelessness.

The open lecture was conducted by Sophie Jambazishvili-Yucer, the Regional Protection Officer (Statelessness) from the UNHCR Regional Representation and representatives of NGOs from the Central Asian countries Denis Dzheviga, Azizbek Ashurov, Bekhzod Khasanov, who have established the "Central Asian Network on Statelessness" with the aim to effectively prevent statelessness in the region.

The lecture was held at the Department of International relations and united students from different majors mostly of International Law, International Relations. During the lecture attendees were offered the regional overview and the documentary film on the issue of statelessness in the global scale. The participants have received reliable information on the current situation in Central Asia and global context. Students and young scholars asked many questions and thanked organizers for the interesting event. Organizers and faculty members decided to continue cooperation and invite students and young scholars to participate in the activities of the "Central Asian Network on Statelessness".

UN Assistance Center members made a decision to continue a good tradition of organizing open lectures with UN agencies on the relevant issues of International Relations.

Leila DELOVAROVA,  
UN Assistance Center,  
International relations Department of  
al-Farabi Kazakh National University

Prepared by A.A. MULDAGALIYEVA



# ЮБИЛЕЙ ПЕДАГОГА И УЧЕНОГО

20 ноября 2017 года исполняется 70 лет со дня рождения выдающегося ученого, талантливого педагога, доброжелательного и жизнерадостного собеседника, добро и отзывчивого товарища **Турсуна Хафизовича Габитова.**

I Международном Форуме культурологов в Баку, «Великий Шелковый путь как феномен культуры» на II Азиатском конгрессе по философии в Стамбуле и т.д.

Свыше 200 научных работ, из них 50 индивидуальных и коллективных монографий, учебников и учебных пособий, энциклопедий и словарей стали настольными книгами не только для студентов, но и многих практикующих культурологов, философов, социологов: «Казахская философия», «Типология культуры казахов», «Қазақ мәдениетінің рухани кеңістігі», «Философиялық энциклопедиялық сөздік», «Қазақ этикасы», «Жаһандану және Қазақстан мәдениеті» стали философской классикой. В этих книгах с позиции достижений современной науки изложены основные понятия, принципы, ценности казахской культуры и философии, вопросы национального самоосознания, воспитания гармоничной личности, переосмысление приоритетов социального и личного, анализ государственной и национальной идеологии в контексте гражданской и правовой традиции и многие другие проблемы казахстанского общества.

Т.Х. Габитов – известный научный и общественный деятель. Он внес весомый вклад в духовную культуру казахского народа, является членом Международного общественного фонда «Диалог Евразия», Фонда культуры «Зерде», Фонда СЕП «Гражданское образование».

Научная и педагогическая деятельность профессора Т.Х. Габитова известна и за пределами нашей страны. За плодотворное международное сотрудничество он награжден медалью Республики Афганистан «Факел революции», Почетной грамотой Центра культуры им. Ататюрка Турецкой Республики и т.д.

Т.Х. Габитов хорошо известен как ученый, как прекрасный лектор и педагог. Всех заслуг Турсуна Хафизовича не перечислить. За добросовестное отношение к исполнению служебных обязанностей, многолетнюю плодотворную деятельность в сфере высшего образования Турсун Хафизович многократно награждался Почетными грамотами Министерства образования и науки Республики Казахстан, награжден медалями «Почетный работник образования Республики



Казахстан», «За заслуги в развитии науки Республики Казахстан», медаль имени А. Байтурсынова, орден «Күрмет». В списке его наград – звание «Лучший преподаватель вуза-2007», государственная научная стипендия за выдающийся вклад в развитие науки и образование Казахстана, звание лауреата конкурса Ассоциации вузов Республики Казахстан «Лучший автор» и конкурса «Союза ученых Казахстана», звание лауреата Международной книжной ярмарки «Великий Шелковый путь», звание академика АСН Республики Казахстан.

Ни должности, ни звания, ни время не изменили искренней человечности и глубокой интеллигентности нашего юбиляра. Отношение Турсуна Хафизовича Габитова к делу, принципиальность, скромность и доброта служат образцом для многих. Отзывчивость, щедрость души, большой жизненный опыт, разносторонние знания и высокая эрудиция этого человека соединены с мудростью,

требовательностью и авторитетом педагога.

Очень приятно поздравить нашего юбиляра со столь значительной датой и выразить самые теплые чувства уважения и благодарности за многие годы работы и общения с замечательным человеком и педагогом с большой буквы. Мы – коллеги, представители самых различных направлений научной творческой интеллигенции, многочисленные его ученики, почитатели его многостороннего дарования, сердечно поздравляем Турсуна Хафизовича с юбилеем. Желаем нашему юбиляру успехов в неугомонной, неуемной и многогранной продолжающейся деятельности, передачи педагогического опыта и научного мастерства молодежи и долгих творческих лет!

**Ажар ЖОЛДУБАЕВА,**  
доктор философских наук,  
профессор кафедры  
религиоведения и культурологии

Казахский национальный университет имени аль-Фараби в 2017 г. отмечает 80-летие со дня рождения доктора химических наук, профессора **Шолпан Серикбаевны Ахмедовой.** Сорок пять лет Шолпан Серикбаевна проработала в системе высшего химического образования. За это время ею внесён неоценимый вклад в дело подготовки и воспитания научно-педагогических кадров в области химии и химической технологии.

## СВЕТЛОЙ ПАМЯТИ УЧЕНОГО



государственного университета имени Кирова, где она по 2008 г. преподавала на кафедре органических веществ и природных соединений. В 1966 г. ею была защищена кандидатская диссертация под руководством член-корр. АН КазССР д.х.н., проф. А.Ш.Шарифканова, а в 1996 году – докторскую. Шолпан Ахмедова в разные годы являлась Ученым секретарем факультета,

заместителем председателя Ученого Совета по защите докторских диссертаций, членом проблемных специализированных Советов по химии и фармхимии, членом редакционного Совета «Фармацевтический бюллетень РК», членом Высшего научно-технического Совета при Министерстве образования и науки РК.

Научное направление исследований Ш.С. Ахмедовой было связано с поиском физиологически активных веществ, изучением пространственных закономерностей в их ряду. Под ее непосредственным руководством были разработаны методы синтеза и технология производства оригинального отечественного многофункционального препарата рихлокаин, который приказом Министерства здравоохранения СССР был разрешен к медицинскому применению и вошел в реестр жизненно важных препаратов Российской Федерации и Республики Казахстан. Препарат был анонсирован в таких развитых странах как Нидерланды, Австрия, Венгрия, Россия и получил высокую оценку среди мировой научной общественности.

Шолпан Мерикбаевна неоднократно была награждена высокими правительственными наградами за достижения в научно-педагогической работе и была избрана первой

среди казахстанских ученых-женщин действительным членом Петровской академии наук и искусств.

Под ее руководством защищены две докторских и более десятка кандидатских диссертаций. В общей сложности, Ш.С. Ахмедовой опубликовано более 240 работ, 44 авторских свидетельств и патентов РК и РФ.

Для Шолпан Серикбаевны была характерна четкая внутренняя организованность и ответственность в сочетании с педагогическими способностями, высокой эрудицией и аналитическим кругозором в фундаментальных исследованиях. Все это позволяет отнести Ахмедову к широкому кругу ученых, внесших неоценимый вклад в развитие химической науки, фармакологии и педагогики.

Многочисленные благодарные ученики Шолпан Серикбаевны на всем постсоветском пространстве, в том числе и в Казахском национальном университете им. аль-Фараби, достойно продолжают созданное ею научное направление в области химии и технологии лекарственных препаратов.

*Ученики профессора*  
д.х.н. **М.Ж. ТУРМУХАНОВА,**  
к.х.н. **М.А. ДЮСЕБАЕВА,**  
PhD **Б.М. КУДАЙБЕРГЕНОВА**



Свое утро я начинаю с просмотра новостей, мне всегда нравится быть в курсе событий. Наверно, эту привычку привил мне мой отец. Он выписывал много газет и журналов, которые издавались не только у нас в городе, но и в республике и за ее пределами. Так что можно сказать, что я выросла в их «окружении». Не умея читать, я рассматривала картинки черно-белые (в газетах) и цветные (в журналах). Но уже более в осознанном возрасте, я начала выбирать статьи, которые были действительно интересны мне.

# Дорога к мечте...



Уже в детстве журналистика стала мне интересна, как профессия. Мне всегда было интересно, как журналисты всегда оказываются первыми в гуще событий. Да и мои родители никогда не были против в выборе этой профессии. Ведь мой отец сам когда-то хотел стать журналистом. Так что можно сказать, мое будущее уже было предопределено.

Я много читала о профессии журналиста. Если окунуться вглубь истории, то можно сказать, что корни журналистики уходят в Древний Рим. Тогда были широко распространены таблички с описанием событий. Сейчас журналистика, безусловно остается востребованной. Ведь согласитесь, что первым делом многие из нас сразу тянутся к своим гаджетам, чтобы узнать поскорее последние новости. И даже приходя домой уставшими, мы не прочь посмотреть их по телевизору. Часто наблюдаю, когда едешь в машине водитель, услышав, что наступает время новостей, автоматически делает радио громче.

Сейчас, наверно, никто не может представить свою обыденную жизнь без журналистов. Ведь согласитесь, что мы нуждаемся, и будем нуждаться в получении информации. Нам всем интересно знать, что происходит у соседей, не говоря уже обо всем мире. Однажды основатель династии Майер Ротшильд сказал: «Кто владеет информацией, тот владеет миром». И он был прав. Сегодня, в 21 веке, журналистику называют четвертой властью,

поскольку эта профессия очень важна. Не было бы журналистов - не издавались бы газеты и журналы, не велись бы различные программы на телевидении и конечно же не было бы информагентств и новостных сайтов. Я думаю, что жизнь была более чем скучная.

На пути к своей мечте стать журналистом, мне посчастливилось принять участие в Республиканской Олимпиаде аль-Фараби по дисциплине «русский язык и литература». Первые два тура проводились дистанционно. После успешного прохождения тестирования я была приглашена на завершающий тур в КазНУ. Три дня в Алматы, проведенные в КазГУrade были невероятно интересными и насыщенными. В первый день мы могли наслаждаться красотой кампуса и города Алматы.

Второй день начался с церемонии

торжественного открытия олимпиады, мы узнали многое об университете и его достижениях. Затем начались испытания - мы писали эссе на предложенную тему, выполняли тестовые и творческие задания. Пройдя все туры я стала победителем в выбранной дисциплине и была награждена дипломом и ценным подарком на великолепном концерте в честь участников из всех регионов страны.

После олимпиады у меня не осталось сомнений по поводу выбора вуза. Я действительно поняла, что КазНУ является самым лучшим университетом.

Ведь в КазНУ есть то, что нет в других вузах - великолепного городка-кампуса, в котором есть абсолютно все: центр обслуживания студентов, библиотека, общежития, стадион и спорткомплекс, современные учебные корпуса. Ни с чем не сравнимый красивый вид на горы,

а самое главное здесь кипит студенческая жизнь и особая аура сформированная многими поколениями «казушников». И мне приятно осознавать, что я учусь в самом лучшем университете - КазНУ им. аль-Фараби.

Я учусь на первом курсе, но хочу заметить, что мы познаем профессию журналиста уже на практике. К примеру, я веду прямые эфиры на студенческом радио «Аль-Фараби» и это доставляют мне большое удовольствие. Каждый раз узнаешь много интересного, знакомишься с новыми людьми и получаешь огромный заряд позитива от общения с ними.

Если честно, это моя детская мечта: задавать вопросы и общаться с разными интересными людьми. Сейчас я уже понимаю, что даже известные и популярные личности такие же обычные люди, как и мы. У них как и у всех нас есть свои цели и планы, достижения и мечты.

Буквально на днях, мне представилась возможность побывать на кинофестивале документального кино Тюркского мира и взять несколько интервью. Для начинающего журналиста это большая ответственность и очень интересное дело. Я прикоснулась к богатой культуре тюркских народов, посмотрела несколько замечательных документальных фильмов рассказывающих о жизни простых людей, увлеченных и сильных духом.

Небольшие подарки от организаторов мероприятия меня приятно порадовали. Красочный альбом, два диска с конкурсными фильмами из разных стран и памятная монетка, подаренная гостем из Турции будут напоминать мне об этом замечательном событии. Может быть когда-нибудь и я сниму свой фильм и стану участником такого кинофестиваля. Профессия журналиста удивительна, она каждый день дарит новое и интересное. Я очень рада, что КазНУ помогает воплощать мои мечты, я сделала правильный выбор. КазНУ - это универ безграничных возможностей.

**Ляззат КУСАИНОВА,**  
студентка первого курса  
факультета журналистики

КазНУ им. аль-Фараби является лидером среди вузов РК. Здесь обучаются не только самые талантливые студенты, но и самые именитые спортсмены Казахстана. Один из таких студентов учиться на первом курсе юридического факультета. Тамиру Садвакасову 17 лет. Совсем недавно он стал чемпионом мира по пауэрлифтингу среди молодежи в Москве. Тамир очень долго шёл и готовился к этому.

## КАЗНУ – КУЗНИЦА ЧЕМПИОНОВ



По словам Тамира в этот спорт он попал случайно. Летом 2015 года Тамир самостоятельно занимался в тренажёрном зале, где его заметил известный тренер Алексей Писаревский. Тамир получил от него предложение выступать в этом виде спорта на чемпионатах. Уже через два месяца Тамир завоевал свою первую медаль. Ещё через два месяца Тамир принял участие в международных соревнованиях в Алматы, где состязался со спортсменами из стран Азии, стран СНГ, Китая, Индии и занял второе место.

Спустя некоторое время он стал вторым на чемпионате Азии. Эта победа стала мотивацией для профессионального занятия спортом. На этих соревнованиях Тамир познакомился с легендарными спортсменами по пауэрлифтингу Кириллом Сарычевым и Михаилом Маланичевым. В октябре 2016 года приняв участие на чемпионате Казахстана он завоевал золотую медаль и выполнил нормативы кандидата в мастера спорта, а

в апреле 2017 года стал чемпионом Азии. Одновременно с тренировками он готовился к выпускным экзаменам, так как заканчивал гимназию №79 г. Алматы. Его мечтой была учеба в КазНУ, упорные тренировки и подготовка к сдаче ЕНТ дали отличные результаты. В июне он успешно сдал экзамены и пополнил ряды студентов юридического факультета КазНУ им. аль-Фараби. Упорство и труд помогли Тамиру достичь своей цели. В октябре 2017 году на соревнованиях в г. Москве он стал чемпионом мира по пауэрлифтингу среди молодежи. «Я поставил себе цель завоевать главное место на пьедестале. Победа далась нелегко, перелёт, акклиматизация, все это очень сказывалось на мне. В родных стенах выступать намного легче, а на чемпионате было очень много именитых спортсменов, которые достигли очень больших результатов в этом виде спорта. На этих соревнованиях я очень многое узнал и набрался опыта. Это пригодится в дальнейших тренировках и подготовке к соревнованиям», - поделился спортсмен.

КазНУ им. аль-Фараби гордится своими чемпионами и желает им высоких спортивных достижений и успехов в учебе.

**Алуа ИБРАЕВА,**  
д.ю.н., профессор

29 қараша күні ҚазҰУ-да арабтану бөлімінің 40 жылдығы және Б.А. Атабайдың 60 жылдық мерейтойына орай халықаралық конференция өтеді

Жалғасы. Басы 1-бетте



# ДӘСТҮРЛІ БАЙҚАУ



Сонымен сайыс қорытындысы бойынша, 10 ару мен сұлтан арнайы номинацияларға ие болды. «Қыз сыны – 2017» байқауында «Көрікті ару» номинациясымен Маржан Жетпісбаева, «Сезімтал ару» номинациясымен Лаура Кадирова, «Қылықты ару» номинациясымен Аружан Махамбет, «Рухты Ару» номинациясымен Динара Шамишева, «Ибалы ару» номинациясымен Акмарал Сықова, «Қайсар ару» номинациясымен Аружан

Қаратаева, «Талантты ару» номинациясымен Мадина Сабырбек, «Мөлдір ару» номинациясымен Айбарша Атауова, «Өнегелі ару» номинациясымен Анна Ульченко, «Кербез ару» номинациясымен Меруерт Исакова марапатталды.

«Жігіт сұлтаны–2017» байқауында «Дарынды сұлтан» номинациясының иегері Біржан Түймехан, «Білекті сұлтан» номинациясының иегері Рахмет Ермек, «Сымбатты сұлтан» номинациясының иегері Қайырбек Нүрәлі, «Тапқыр сұлтан» номинациясының иегері Торғай Сұлтан, «Төре сұлтан» номинациясының иегері Смадияр Бағдад, «Байсалды сұлтан» номинациясының иегері Ізбасар Азат, «Өнерпаз сұлтан» номинациясының иегері Нажмадин Фани, «Жайдарлы сұлтан» номинациясының иегері Нұрғазы Алмат, «Жігерлі сұлтан» номинациясының иегері Орынғали Ғазиз, «Жалынды сұлтан» номинациясының иегері Амангелді Нұрдәулет атанды.

Жүлделі ІІІ орынды Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінен Айбарша Атауова және әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен Орынғали Ғазиз, ІІ орынды Дінмұхамед Қонаев атындағы заң академиясынан Анна Ульченко және Алматы технологиялық университетінен Түймехан Біржан Нұрбекұлы иеленсе, І орынды әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен Аружан Қаратаева және Бағдад Смадияр жеңіп алды. Бас жүлдені Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінен Маржан Жетпісбаева және С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінен Рахмет Ермек Ерланұлы қанжығасына байлады. Жеміспаздар «Dostik travel» туристік компаниясы ұсынған Дубайға жолдаманы иеленді.

Жайна ДІЛДЕБАЕВА

## ҰЛЫ ДАЛА РУХЫ

Бүгінде біздің алдымызда Ата тарихымызды ұмытпай, оны өскелең ұрпақтың санасына сіңіру, оның бойында ұлттық рухты асқақтату міндеті тұр. Осы орайда жақында ҚазҰУ-дың тарих, археология және этнология факультетінде Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында «Ұлы Даланың әскери рухы» атты интеллектуалды сайыс өтті.

Сайысқа т.ғ.к., доцент Г.Б. Қозғамбаеваның жетекшілігімен факультеттің І-курс студенттерінен құралған «Nomad», филология және әлем тілдері факультетінің «Алдаспан» тобы және ІІ-сынып оқушыларынан құралған Алматы қаласындағы жалпы білім беретін №72 орта мектептің «Самұрық» пен Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Гвардейский қалашығы, №43 Б.Момышұлы атындағы орта мектептің «Тиграхауда» тобы белсенді түрде қатысты. Сайыс алдында Қазақстан тарихы кафедрасының менгерушісі, т.ғ.д., профессор Берекет Кәрібаев алғы сөз алып, сайыскерлерге терең білім алуға кеңес берді. Т.ғ.к., доцент Арман Қабдешұлы рухани жаңғыру үшін әскери тарихты оқытудың каншалықты маңызды екеніне тоқталып, сайыскерлерге сәттілік тіледі.

Бес кезенді қамтыған сайыста қатысушылар өз білімдері мен өнерлерін жан-жақты ортаға салды. Нәтижесінде бас жүлдені әскери тарихқа қатысты білімімен ерекше көзге түсіп, «жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққан тарих, археология және этнология факультетінің І-курс студенттерінен құралған «Nomad» тобы иеленді. Бірінші жүлделі орынды жақсы дайындықпен келген Жамбыл облысы, Қордай ауданының Гвардейский қалашығының №43 Б.Момышұлы атындағы орта мектеп оқушылары иеленді. Ал, барша жұртты өз өнерімен тамсандырған филология және әлем тілдері факультетінің І-курс студенттері 2-орынды қанжығасына байлап қайтса, Алматы қаласының №72 жалпы білім беретін орта мектебінің ІІ-сынып оқушылары 3-орынға лайықты деп танылды.

Қорытынды сөзді факультет деканының оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, т.ғ.к., доцент Маржан Дауытбекова, деканның ғылыми-инновациялық жұмыс және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі орынбасары, т.ғ.к., доцент Акжамал Оразбаева, т.ғ.к., доцент Нәзия Тасилова, сонымен бірге т.ғ.к., доцент Гүлнар Қозғамбаевалар сөйлеп, оқушылар мен студенттерге бүгінгі тақырыптың маңызы мен ерекшеліктерін ашып көрсетті.

Сайыс жастарды патриоттық сезімге баули отырып, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін, олардың ақыл-ой ұшқырылықтарын, сөйлеу дағдылары мен өзін-өзі ұстау мәдениетін жетілдіруді, Елбасы Н.Ә.Назарбаев айтқан ұлттық код ұғымын кеңінен түсіндіруді мақсат етті. Ұлттық код (ұлттың кілті) – белгілі бір халықтың бойына ғана тән болатын дүниетанымдық құндылықтар кешені. Қазақ халқы үшін олар келесідей – шежіре мен тарихи жады ретінде «Жеті ата» ұғымы; «Тіл» – онсыз ұлттық бірегейлік пен рухани мұра жалғасын таппайды; «Ел мен Жер» ұғымы – оларсыз, Елбасы айтқандай, Отан деген түсінік қалыптаспайды; «Ар мен Намыс» – қазақтың барлық іс-әрекетінің мәні осы екеуінде. «Малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы!» деген накыл қазақ құндылықтар жүйесінде бірінші орынға нені қойғанын анықтаса керек.

Сайысқа қатысқан немесе жай көрермен болып келген әрбір жастың жүрегінде туған тарихымызға, Ата-мекен жерімізге, елімізге деген ыстық патриоттық рухы бұрынғысынан да өршелене түскені анық. Сондықтан шара көздеген мақсатына жетті деп айта аламыз.

А.К. ЖҰМАДИЛ,  
Қазақстан тарихы кафедрасының доценті;  
Б. САЙЫНОВА, С.ДӘУЛЕТ,  
2-курс магистранттары

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА  
Тілшілер: Жазгерке ҚАРАТАЕВА, Ақмарал АЛИЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
Фототілші – Марат ЖҮНІСБЕКОВ  
Корректорлар: Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Қарлыға ИБРАГИМОВА

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
kazuniver2016gazeta@gmail.com

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. "Дәуір" ЖШС РПБК-де басылды. Алматы  
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17

Тел.: 8(727) 273-12-04

### Бағасы келісім бойынша.

Таралымы 1000 дана  
Тапсырыс: №3032

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.